



► ЕЛ ЕРТЕНІ

Университеттің жүрегі – жастар

Университетімізде студенттердің құқығын қорғау, дүниетанымын арттыру, мемлекеттік жастар саясатын жүргізу және басқа да жастар мәселесіне қатысты жұмыстармен айналысатын Жастар орталығы бар. Орталық университет қабырғасында білім алып жатқан студенттердің басын біріктіретін жастар ұйымдарының жұмысын үйлестіреді. Жастар орталығы М.Әуезов университетінде 2002 жылдан бері жұмыс істейді.

Жастар орталығының негізгі міндеті – университет студенттерінің қоғамдық белсенділігі мен патриоттық сезімін арттыру, студенттердің жаң-жақты дамуы мен азаматтық ұстанымын қалыптасуы және ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, оқу орнындағы әрбір студентпен тығыз байланыста жұмыс істеу.

Студенттік парламент – білімгерлердің өзін-өзі басқару жүйесінде шешуші рөл атқарады. Ол студенттерге оқу процесіне, университеттің өміріне және студенттердің белсенділігіне қатысты өзекті мәселелерді талқылау үшін платформа ұсынады. Парламент арқылы студенттер өздерінің бастамалары мен жобаларын ұсына отырып, университет деңгейінде маңызды шешімдер қабылдауға өсер ете алады. Әр факультеттің студенттік сенаторлары Студенттік Парламент төрағасымен бірге жұмыс істейді.

«Aқиқat» пікірсайыс орталығы – студенттерге пікірсайыс өнерін үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлауды, өз көзқарастарын дәлелді түрде айту және қарсыластарын сендіру қабілетін дамытуға көмектеседі. Клубта үнемі тренингтер, сарапшылардың шеберлік сабақтары және пікірсайыс турнирлері өткізіледі. 20 жылдан астам тарихы бар клуб республикалық деңгейде көптеген қызметтердің тізгінін ұстап отырған жастарды тәрбиелеп шықты. Республикалық, облыстық, аймақтық деңгейдегі ұйымдастырылып отырған сайыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары, республикалық жарыстардың жүлделі орындардың иегерлері атанып, жастарды шешендік өнерге баулуда жемісті жұмыстар атқарып келеді. «Ақиқат» пікірсайыс клубы жыл сайын республикалық «AUEZOV CUP» турнирін ұйымдастырады.

«Жастар рухы» жастар қанаты – жастарға патриотизм сезімін оятуға және саяси сауаттылықты




дамытуға бағытталған университеттің белсенді жастар бірлестігі. Қанаттың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне мыналар жатады: Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, өзекті әлеуметтік және саяси тақырыптар бойынша іс-шараларды, талқылаулар мен тренингтерді ұйымдастыру, студенттер мен университет әкімшілігі арасында білім беру және студенттік өмір мәселелері бойынша белсенді диалогты қолдау, студенттерді аймақ пен елдің қоғамдық өміріне, сондай-ақ халықаралық студенттік бағдарламаларға тартуға жәрдемдесу. Былтыр жыл қорытындысы бойынша бұл ұйым республика бойынша ең үздік деп танылып, «Атапaт» партиясының «Рухтастар» сыйлығына ие болды.

«Қазақстан студенттер альянсы» республикалық студенттер қозғалысы – оқу процесін жетілдіруге және білім беру сапасын арттыруға бағытталған белсенді және бастамашыл студенттердің бірлестігі болып табылады.

«Dostыq» ұйымы – барлық ұлт өкілінің теңдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ университет ішіндегі әрбір ұлттың мәдениетін, тілін, дәстүрін мен едет-ғұрпын сақтау. Бұл ұйымдар Әуезов университетінде бірнеше жыл қатарынан жұмыс істеп келеді. Әуезов университетінің даму стратегиясында көрсетілген негізгі индикатордың бірі – белсенді жастардың санын арттыру. Осыған орай, Жастар орталығы студенттік ұйымдардың қатарын ұлғайтуды қолға алды. Нәтижесінде 2022 жылдың қыркүйегінде бірнеше жаңа клуб құрылды. «AUEZOV ZHASMEDIA» клубы – цифрлық дәуірдің талаптарына сай келетін, заманауи медиа дағдыларын дамытуға бағытталған студенттер ұйымы.

Клуб мүшелері өздерінің шығармашылық және техникалық дағды-

ларын дамыту арқылы цифрлық медиа саласындағы мамандар болып қалыптасады. Клуб мүшелері Тик-Ток әлеуметтік желісінде өзінің парақшасын белсенді жүргізіп, миллионнан астам қаралым жинайды. Бұл университеттің жағымды имиджін қалыптастыруда, жастар арасында университеттің та-



нымалдығын арттыруда үлкен рөл ойнайды. 2022 жылы республика көлемінде ұйымдастырылған «Ел бірлігі» атты Тик-Ток хаус жобасында 1 орынға ие болды. Бұл клуб студенттерге өздерінің кәсіби мансабын құруда қажетті тәжірибе мен білімді береді, сондай-ақ олардың шығармашылық өрісін кеңейтеді.

«Unityclub» шетел студенттер клубы – шетел азаматтарын университеттің студенттік өміріне бейімдеуге бағытталған. Клуб мүшелері университетімізге шетелден келген және де академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген студенттерге әртүрлі іс-шараларды, экскурсияларды және тілдік курстарды ұйымдастыру

арқылы жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға тезірек және оңай бейімделуге көмектеседі.

«Iqur» (айқап) оқырмандар клубы – кітап оқуға қызығушылықты арттыруға және оқырмандар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Мүшелері арасында кітап оқуға деген

ғауға қатысты мәселелерді көтеру. Клубта қазіргі заманның экологиялық мәселелері белсенді түрде талқыланады. Мұнда студенттер әртүрлі экологиялық проблемаларды, олардың себептерін және оларды шешу жолдарын талқылайды. Бұл талқылаулар студенттердің экологиялық мәселелерге деген түсінігін кеңейтеді және олардың бұл бағыттағы білімдерін тереңдетеді.

«Тұмар» қыздар клубы – қазақ халқының тарихына, оның мәдениеті мен дәстүрлеріне қызығушылық танытатын қыздар үшін нағыз жаңалық болды. Клуб қоғамдағы қыздардың орнының болуы, теңдігі мен құқығының сақталуы, талаптарының орындалуын бақылайды. Ұйым қыздардың тарихта жеткен жетістігі, отбасы институтындағы қыздың рөлі сияқты дүниелерге арнайы іс-шара өткізіп, дәрістерге қатысады. Сонымен қатар, қыздар арасында кәсіпкерлікті дамыту, қыздар көшбасшылығын арттыру, қыздарды қоғамдық, саяси мәселелерді шешуге қатыстыру, оларды ғылымға баулу бағытында жұмыс істейді.

«AuezoVcyber» клубы – жоғары оқу орнындағы жастар арасында танымал бола бастады. Клубта студенттер өздерінің ойын дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар, киберспорт жарыстарының техникалық жағын, сондай-ақ матчтарды ағынмен және түсініктеме беру негіздерін біле алады. Сонымен қатар, клуб мүшелері өздерінің университеттерін ұсына отырып, аймақтық және Ұлттық турнирлерге қатысуға мүмкіндік алады.

Ақан БЕСПАЕВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті Жастар
орталығының директоры